





**Жұбан Молдағалиев**

*Мен – қазақтың*

**Өлеңдер мен поэмалар**

Алматы  
«Раритет»  
2007





Жыр  
жауһары

Жұбан  
МОЛДАҒАЛИЕВ

*Мен –  
қазақпын*

Өлеңдер мен поэмалар

RARITY



PUBLISHING  
COMPANY LTD

**ББК 84Қаз7-5**  
**М66**

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**  
**Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әлеуметтік маңызды**  
**әдебиет түрлерін әзірлеу және шығару»**  
**бағдарламасы бойынша шығарылды**

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған *З.Серікқалиұлы*  
Көркем безендірмесі негізін салған *А.Тіленшиев*

**Молдағалиев Ж.**

**М66** **Мен — қазақпын.** Өлеңдер мен поэмалар/Құраст.  
Е. Дүйсенбайұлы. — Алматы: Раритет, 2007. —  
240 бет. — «Алтын қор» кітапханасы.

**ISBN 9965-770-47-6**

СССР және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлық-  
тарының лауреаты, көрнекті ақын Жұбан Молдағалиевтың бұл  
кітабына таңдаулы өлеңдері мен қазақ әдебиетінің алтын қоры-  
на қосылған «Сел», «Мен — қазақпын», «Жыр туралы жыр»  
секілді белгілі поэмалары сұрыпталды.

**ББК 84Қаз7-5**

М 4702250202—21  
413(05)—07

**ISBN 9965-770-47-6**

© «Раритет» БК, 2007  
© Безендірген Серікбай Б., 2007

## КЕМЕЛДІК КЕПІЛІ

Ақын — өз дәуірінің үні, өзекті сөзі, заман һәм уақыт перзенті. «Әдебиет әдебиет үшін» деген таңба мансұқталып тасталған, мадақшылдық жол алған кешегі бір кеңестік жетпіс жылда «қоғамда өмір сүріп отырып, қоғамнан тыс тұруға болмайды» қағидаты мүлде өзгеше сыр-сипат, мазмұн-мән иеленді де, көркем өнер алаңын көп жағдайда көпірме, жалған шабытпен жырлаган үгіт-насихат ауданына айналдырып жібергені де ақиқат. Алайда солай екен деп, социалистік реализм әдебиетін түгелдей қоқысқа лақтыруға түйсігі түзу пенде Құдайдан қорқуы керек шығар. Сол біз сөз етіп отырған қызыл тұмылдырық кезеңінде-ақ көш-жеруені әлемдік әдебиет биігіне көтерілген ұлттық прозамызды айтпағанда, Сәкен, Ілияс, Әбділда сынды әлуетті ақындардың қазір де әрін, нәрін жоғалтпаған әсем лирикаларын қайда қоямыз?! Соғыста от пен оқтың астынан қазақ өлеңіне жаңа леп, тың тыныс ала келген Сырбай, Хамит, Калижан, Қасымдар шығармашылығы шынайы ырысымыз болғаны да шып-шыргасыз шындық. Сырбай Мәуленовтің «Майданнан қайтқан солдаттарын», Қасым Аманжоловтың «Дарига, сол қызын» жатқа білмейтін адамды қазақ баласы деуге батылым бармайды. Мәселе тоталитарлық тоғышар идеологияда емес, талантты жырлай білуде ғой. Қасымның «Советтік менің өз елім» секілді гажайып өлеңдер қандай қоғамда да, қай билік жүйесінде де жүрегіңді баурап, мәңгі жасай береріне бек сенімдімін.

Міне, кезінде бүкіл Кеңестер Одағына кең танылған кемел ақын Жұбан Молдағалиев Ұлы Отан соғысы деп аталған алапатта әлгі айтқан «оқ пен оттың астынан» әдебиетке келген майдангер ұрпақтың өкілі еді. Сондықтан оның шы-

гармашылығында бұл тақырып негізгі орын алуы заңды. Жаңарған ел, жасарған жер, жаңа ұрпақ, жастық, махаббат, халықтар достығы, қазыналы Қазақстан жайында Ж. Молдағалиевтай өнімді жырлаған, ақтық демі біткенше Республикасына адал азаматтық антынан айнымаған ақын Жұбағаңдай-ақ болар! Парасатты поэзиясымен халық арасында қашаннан қалаулы, қадірлі Жұбан 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқандарды қуғын-сүргінге ұшыратқан қандықол Колбинге қарсы әйгілі сөзімен — нағыз қайраткерлік-азаматтық ұстанымымен ұлттық тұлғаға айналды.

Ақын туындылары қалың оқырман қауымға таныс болуға тиіс. Осы себепті де Қазақ ССР, СССР Мемлекеттік әдеби сыйлықтарын алған, көзі тірісінде 60-қа жуық кітабы шыққан, өлеңдері дүйім дүние елдерінің біразының тілінде сөйлеп кеткен көрнекті көркем сөз зергерінің шығармашылығын талдап, таразылап жатпаймыз. Партиялық әдебиет қағидаты қаламгерлік ұстанымға айналған социалистік реализм әдебиеті жағдайында, көркем сөздің өзге де көрнекті қайраткерлері секілді, Жұбан ақын да өз дәуірінің дәрежесінде болды. Ендеше, бұл жинақтан сол заманның таңбасы, идеологиялық әуені ұшырасып отырса, оны өткен-кеткен өмірбаян өрнектері деп қабылдаймыз. Мен әсіресе үш дастанын — «Жыр туралы жыр», «Сел», «Мен — қазақтың» поэмаларын қазақ поэзиясына ғана емес, кешегі ортақ Отан әдебиетіне олжа салған туындылар екенін атап айтқым келеді. Ұсақ өлең-жырларын былай қойғанда, шалқыған шабыттан туған бұл сүйекті шығармалар оның эпикалық кең құлашты, алысқа шабатын алқымы іспес аргымақ тынысты, арыны зор, қарымы мол қаламгер екендігіне кепіл.

Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ,

Қазақстан Жазушылар одағы сыйлығының лауреаты,  
Республика жазба ақындары мүшәйрасының Бас Жүлдегері



# ӨЛЕҢДЕР

---

## АНКЕТАМА ҚОСЫМША

### I

Жыл екен жақсылығы жырда қалған,  
Күн екен жарты әлемді нұрға малған.  
Зар жылап, жұбанышқа зарыққан Құл  
Құдайдан бір перзентті ұрлап алған.

Той боқты ұлан-асыр Жыландыда,  
Сойыпты байталды да, құнанды да.  
Аксиып әр қазанда қойдың басы,  
Бал қымыз саба-саба бұланды о да.

Қаужандап бір тойыпты қарыны аштар,  
Ағылған ақын, әнші дарыны асқар.  
Белдесіп балуандар, бәйге қызып,  
Құмардан шыққан туыс-қарындастар.

Қыздары күйкылжыған жорға мініп,  
Кетіпті көп жігітті орға жығып.  
Аурулар айығыпты сырқатынан,  
Алла емес, адам заңы қорғап ілік.

Басқа жер жылады ма, жұбанды ма,  
Шаттықта шек болмаған Жыландыда.  
Бақырып басына елді бір көтеріп,  
Дүниеге келген сөйтіп Жұбан мұнда.

Жә, жетер, жайла, Жұбан, ұял енді,  
Мұндай той кейін туған қиял еді.  
Сен емес, бір ханзада жарық көрсе,  
Шындыққа бұл да, бәлки, сыяр еді.

Сенен де, сыншы достым, сұранамын:  
Ақынның кешіре гөр бір амалын.  
Сирақтан тартып жатсаң «жерге түс» деп,  
Салбырап көкте қалай тұра аламын?

Ойлашы, немді айтамын прозамен?  
Оллаһи, өзіме онша разы емен.  
Сондықтан жабыстым жыр қанатына,  
Көтеріп тастасын деп біраз өлең.

## II

Әлқисса, ал басталды өмірбаян,  
(Секілді салған салық о бір маған)  
Әкемнің аты аспапты өз аулынан,  
«Құл» деген руым тек өңірге аян.

Білмеймін, неге бұлай аталғанын,  
Құлдыққа кімнен қайыр-бата алғанын.  
Адам ба, алласы ма жарылқаған? —  
Жазбапты шежіреде атам халін.

Ұқты ма ханға қара тең келмесін,  
Өзге атты әлде өзінің меңгермесін,  
Әйтеуір құлдар бұғып жүре берген,  
Өсті тек мәртебесі мен келгесін.

Ғафу, дос, тағы, бәлки, артық кеттім,  
Өзіме күш-күдіретін артып көптің.  
Дәуірдің өзінше айтып, өзі болып,  
Келеді кереметті қарпып кеткім.

Мен — Жұбан — төрт баланың кенжесі едім  
(Көргем жоқ шабылғанын мен десе елдің).  
Қаспаққа қасарысып таласам деп,  
Кенет бір сырын аштым кем-кеселдің.

Ағамның болды мүлде сөзі басқа:  
«Баланың ашта туған көзі — аста...»  
Сарт етті миыма кеп осы мақал,  
Жатқандай қаспақ қырып өзі баста.

Жанардан ыршып шықты жас шынымен,  
Жалғасып жан дүниемнің ащы үнімен.  
«Бас қайғы, байтал түгіл» дегендей-ақ,  
Туыппын аты шулы аш жылы мен.

Ел тұрсын, өз үйімде той болмаған,  
Соятын құнан қайда, қой болмаған.  
Әйтеуір Жұбаныш деп ат қойыпты  
(Ал менде жұбатудан ой болмаған).

Ұзамай өліпті әкем Молдағали,  
Бола алмай ол да молда, ол да Ғали.  
Шырылдап жатыппын мен — құтсыз бөбек,  
Обадан қырылғанда ондаған үй.

Ақыры жалғыз қалдым баладан да,  
Бір мені бірегейге санаған ба?  
Қаспаққа ортақ ауыз болмасын деп,  
Жасаған жағдайыма қараған да...

Анашым аты Зеріп — беріде өлді,  
Ұлына сүтін, күшін беріп өлді.  
Әйелдің алдияры, ақсұңқары,  
Аптапқа, аязға да берік еді.

Жарықтық ұлға да ана, құлға да ана,  
Әке де өзі болды тұл балаға.  
Жасасып жаңа өмірді туған жерде,  
Жағысып кетті жарқын нұр далаға.

Кешқұрым жырлап қазақ дастандарын,  
Жаныма шашып еді жастан жалын.  
Тежеусіз тоя ішкенім өлең болды,  
Сол еркін жамылғаным, жастанғаным.

Ақындық жұқса, жұқты сонда маған,  
Жыр жайлы ойланды алғаш ондағы адам.  
Қалды іште, сыртқа шықпай бірер шумақ,  
Ешбір қол өңдемеген, ондамаған:

«Көрінген сонау жердің қиығы екен,  
Жалғыздық, әкесіздік қиын екен...»

Жасырдым бұл сырымды анамнан да  
Кеудеме өлең нұрын құйып өткен.

### III

Қанша жол, қанша тағдыр, қаншама арман  
Басталды, шіркін, біздің комсомолдан?!  
Басы сол менің өмірбаянымның  
Өткізген күрес, майдан, қансонардан.

Тұрғандай қолыма ұстап ерке таңды,  
Толтырдым сонда тұңғыш анкетамды.  
Жаздым мен «Мың тоғыз жүз жиырма» деп,  
Төбірендім, сия, сірә, өнтек тамды...

Әрісі, берісі не бірер айдын?  
Ер жетсем ерте, бәлки, келер айбын.  
Жазылды содан бері қанша қағаз —  
Жапсаң ше, жасырынар нелер айдын.

Қылтиып суреті де тұр басымның...  
Сонымен, республика құрдасымын.  
Басқаның өлер жылдан бәрі алдында,  
Аз десең анкетаны, жырда сырым.

Сыры бұл аңқылдаған бір жүректің,  
Суы емес құр сұлдердің, былжыр еттің.  
Өзінше оты да бар, қаны да бар.  
Келмейді былдырлағым, бұлдыр еткім.

Білмеймін бөлінуді, ру заңын,  
Білемін бір жатақта тұру заңын.  
Ұлына Отан-ана болса риза,  
Мен оған өле-өлгенше ризамын.

Нұрлы да туған елден ұлы да ел жоқ,  
Қалайша жыр етермін мұны селсоқ?  
Мен үшін бұл дүниеде, күн астында  
Құп-құйттай өз үйімнен жылы жер жоқ.

Жар да жоқ Софьямдай жер бетінде,  
Жел болып бір тимеген ел бетіне.

Қуаныш, Қуандығын, Азаматын  
Ананың сусындатқан шербетіне.

Гүлмирам — алтын қызым, бота көзім,  
Танытар дала кейпін, ата көзін.  
«Папа» деп мен айтқам жоқ, айтады олар,  
Қызыққа, қызғанышқа батам өзім.

Төрт перзент — үш жас бүркіт, ерке елік,  
Бір кезде біз де осындай төртеу едік.  
Жоқ, жоқ, жоқ, бұл төртеудің тағдыры өзге,  
Біз болсақ, бұлар үшін ерте келдік.

#### IV

Өскем жоқ құран оқып, құдай танып,  
Ғашық та болған емен ұдай талып.  
Ел, ана — биік ұғым өз алдына,  
Сүйгенім — өлең ғана құлай тауып.

Сұлуға сұқтанғам жоқ азайын деп,  
Сыр тарттым махаббатты жазайын деп.  
Іздедім шараптан да жырға жалын,  
Тапқан аз, тартқан, бәлки, сазайым көп.

Жол бар ма жөні келсе бұрылмаған?  
Жолаушы аз шөл, аязға ұрынбаған.  
Бірде бұлт, бірде күнгей Алатау да  
Дүниенің ұқтырғандай сырын маған.

Мен үшін асқақ мұрат өкілі өлең,  
Жазамын жүрегімнің өкімімен.  
Өтсем тек адам болмай, әулие боп,  
Өмірге келгеніме өкінер ем.

Ешқашан елден оқшау жүрмедім мен,  
Тәж-тақ та іздемеймін жер-көгіңнен.  
Ақын аз, ақын болып күнелткен көп,  
Сақтасын сондай көптің дүрмегінен.

Теңізін дауылда да сағалаған,  
Ақынның айырымы не шағаладан?

Өлеңді о дүниеге апармаймын,  
Бәйекпін қалдырсам деп саған, адам.

## V

Жыланды — ат шаптырым жердің аты,  
Шыққан жоқ ол арқылы елдің аты.  
Жыланды — күміс канал — жаңа өзен,  
Тербейді, толқытады жел қанаты.

Жыланды жайраңдайды, жыланбайды,  
Жоғалды жылан зәрі, лаң қайғы.  
Шағысып атар таңмен, батар күнмен,  
Жыланды қылаңдайды, сылаңдайды.

Талайды таңырқатты, табындырды  
Шалқыған көк теңіздей шабындығы.  
Ішіне түскен жаяу шыға алмайды,  
Мені де сабылдырды, шабылдырды.

Жоқ енді жер-су дауы, барымтасы,  
Еңбек, жыр, ұрпақ қамы — бар ынтасы.  
Той да көп, тоят та көп — қайтып жатыр  
Аш жылы туғандардың қарымтасы.

Сонымен, білмек болса Жұбанды кім,  
Өлеңде, өмірде де Жұбан бүгін —  
Құлы да қожайыны ұлы елдің,  
Тұрақты өкілі әрі Жыландының.

1969

## ЖАУЫНГЕР ХАТТАРЫНАН

### 1

Жоқ әлі «тәңір қосқан» менің жарым,  
Өзіңсің жас үмітім, ынтызарым.  
«Арбамен асықпаған қоян алар» —  
Көрерміз, қорғап болып елдің арын.

Аманмын әзірге ауру-жарадан да,  
Кім білсін, елге солай бара алам ба?..  
Күркіреп дауыл тұрды от жауатын,  
Жазылып отыр бұл хат қарбалаңда.

Бәлкі, бұл ақырғы хат болуы да,  
Кезігіп қалсам ажал торуына.  
Әйтсе де «жақсы лепес —  
жарым ырыс»,  
Сенемін жақсылыққа жоруыңа...

Уақыт тар, көп болса да айтар сөзім,  
Қош, сау бол көріскенше,  
мөлдір көзім.  
Суретің жүрегімде жүр сақтаулы,  
Секілді ескерткіші ол бір кездің.

1942

### 2

Көргендей бол өзімді  
Хаттан оқып атымды.  
Сағынсан жұмып көзінді,  
Бауырыңа бас хатымды.

Сарғайып жетер бұл қағаз,  
Сағынышым тәрізді.  
Сақтаулы жүрді ол біраз,  
Сатпағын салды тер ізі.

Жолшыбай тағы кір шалар,  
Сонда да, сәулем жерінбе!  
Қадірі мол қасиет бар  
Солдаттың ащы терінде.

Қан майданда жүр солдат  
Қамы үшін туған елінің.  
Айқаста жауды талқандап,  
Ақтайды халық сенімін.

Басталды жеңіс жорығы,  
Басталды жорық ғаламат.  
Жаршысы етіп мен соның  
Жолдадым саған, жаздым хат.

Қарайын мен де қайтып кеп,  
Сақтап қой, жыртып тастама.  
Сен де оқы солдат хаты деп,  
Мақтаныш етіп басқаға.

Соғыс бітер, шалқыр күй,  
Болайық тойдан үміткер.  
— Сүйе білсең, сондай сүй! —  
Деп жүрсін қыз бен жігіттер.

1943

### 3

Құйғытып аспан көгінде,  
Құлдырап құстай, сәлем хат,  
Жетші сен туған жеріме,  
Жеткізші менен аманат.

Тайпақтан сонау тапшы іздеп  
Майданшы солдат анасын.  
«Қарағым кашан қайтар», — деп,  
Сағынған шығар баласын.

Мен болып ыстық аймалап,  
Мен болып сүйші бетінен.  
«Сағынған келсін» деп арнап  
Салады сүрі етінен.

Төріне сені қояды,  
Боласың құтты қонағы.  
Шайын да кою құяды  
Секілді қына бояуы.



Сөйлерсің сонда ерлердің  
Талайды азат еткенін,  
Қайтарып туған ел кегін,  
Жау шебін бұзып өткенін.

Адаспай баршы, сәлем хат,  
Ардақты Жайық бойына.  
Ұлдарын күтсін — аманат —  
Сайлансын Жеңіс тойына.

Тайпақтан сонау тапшы іздеп  
Майданшы солдат анасын.  
«Қарағым қашан қайтар», — деп,  
Сағынған шығар баласын.

1944

## ОТАН

Сенсің, Отан, қан майданда  
Сыйынарым, ұраным.  
Күні-түні, әр қайда да  
Сені көріп тұрамын.

Түн түндігін түріп ашып,  
Түнекті сен серпесің.  
Алтын таңның нұрын шашып,  
Көңіл күйін шертесің.

Қиял құсы асып шыңнан  
Шырқап қанат қағады.  
Сенен аспай, асса да одан,  
Бір өзінді бағады.

Бір өзінде, кең кеудеңде  
Сокқандай өз жүрегі.  
Өрендерің сен дегенде,  
Өлімге де жүреді.

Сенің досың — менің досым,  
Саған қастар — маған қас.

Үйде болсын, түзде болсын.  
Мен өзіңмен тағдырлас.

Сен қуансаң, мен қуанам,  
Бірге өткізем күзінді.  
Өз жүзіңнен, ұлы анам,  
Көремін өз жүзімді.

Көрген сайын, білемін мен,  
Қадірің де артады.  
Махаббаты жүрегімнің  
Таразысын тартады.

Тіршілік жоқ сенсіз маған,  
Тынысымсың, жанымсың.  
Басқа кімге сенсін балаң,  
Басқа кімге жалынсын?

Шабарда да жаудың шебін,  
Түспейсің сен ауыздан.  
Қандырасың жанның шөлін,  
Кек әперіп жауыздан.

Сенсің, Отан, майдандарда  
Сыйынарым, ұраным.  
Күні-түні, өр қайда да  
Сені көріп тұрамын.

1944

## ӘН

Кез еді қызыл іңір, алғы шепте  
Гүрсілдеп зеңбіректер оқта-текте  
Тұрғанда, шықты шырқап әуезді ән,  
Зымырап көтеріліп зеңгір көкке.

Ауанын толқынымен араласып,  
Асқақтап әсерлі үні асып-тасып,  
Әсем ән әркімді де аң-таң етіп,  
Гүрсілін зеңбіректің кетті басып.

Әуелден әнге әуес әншіл жанмын,  
Түн қатып той-топырда тыңдағанмын.  
Сағынған сүйгенімнің сазы ма деп,  
Құмартып, құлағымды түре қалдым.

«Ертістің ар жағында бір терең сай», —  
Деп қанат қақты көкке «Қара торғай».  
Тыңдады тамашалап, орыс, татар,  
Тұрғандай біздің байтақ дала толғай.

Бірінің қайырмасы «Айман-айым»,  
Япыр-ай, кім еді бұл әлдеғайым?  
Жасымыс, жабырқамас, ер жігіттің  
Жанынан, кім болса да, айналайын!

...Сол кезде командирден бұйрық жетіп,  
Барлауға жаудың күшін жүріп кеттік.  
Әлгі ән біраз жерге бірге барды,  
Дұшпанның алғы шебін бұзып өтіп...

1944

## ШЫҒЫСТА ТУҒАН ЕЛІМ БАР

Шығысқа, сонау Шығысқа  
Көз талғанша қараймын.  
Басылмайды құмарым  
Қарасам да талай күн.

Ешбір желді сүймеймін  
Өз өлкемнің желіндей.  
Сол ғана маған қадірлі  
Елімнің ыстық деміндей.

Құс ұшса да ол жақтан,  
Келуін күтем тұсыма.  
Қуанам сол құс ұқсаса  
Өз елімнің құсына.

Ол жаққа тағы қараймын  
Қолға алам да картаны.  
Шығыста — туған елім бар,  
Жүрегім соған тартады.

1945

## ЖИЫРМА БЕС

Келгендей жаз оралып, күздер өтіп,  
Келмейсің неге, жастық, жүзден өтіп?  
Кім саған, о, жиырма бес, наз айтпады,  
«Таптың, — деп, — не маркабат бізден өтіп?!».

Білмеймін, таптың ба сен, таппадың ба,  
Көп болды жүрмегелі қапталымда.  
«Қош» айтып ақырғы рет қалып едің  
Бір түні бізге мәлім қақпа алдында...

Мен сені сонан соң да іздеп едім,  
Әлдилеп үмітімді үзбегенмін.  
Бір барып сол бір жазғы қақпа алдына...  
Сезген соң, кетіп қалдым, күздің демін...

Сонда да өкінбес ем өз басыма,  
Кім кепіл өзгеден де озбасыңа?

Талайға жеткізбей де кетіп жүрсін,  
Жиырма бес, бір түнетпей өз қасыңа!

Неге сен кәріге де, жасқа да арман,  
Болса да жолдасың жоқ тастамаған?  
Әлде бір көздің ғана құрты ма едің,  
Откінші өмірі бар баста жалған?

Жиырма бес, жөнің болса оралатын,  
Әзірге арамызда жол да жақын.  
Кәрі жар — жас жұбайын ардақтағыш,  
Ойлама қадірсіз деп қолдағы алтын.

Баянсыз бала емеспін мен кешегі,  
Келші, кел, мәпелейін мен де сені.  
Жүрсек біз жақсы өмірді бірге жасап,  
Жастықтың оты мәңгі сөнбес еді.

1957

## АҚҚУЫМ АСПАНДА ЕМЕС, ЖЕРДЕ МЕНІҢ

Аққуым аспанда емес, жерде менің,  
Әнінен тоқсан толқып тербелемін.  
Келгенде шынтуайтқа, көзбе-көзге,  
Секілді көктен алыс жер дегенім.

Аққуым аспанда емес, жер бетінде,  
Сұлулық тұр тояттап келбетінде.  
Сол болып шырт ұйқыдан оятады  
Мазасыз таңда бұлбұл, жел де түнде.

Солардың ұйып тыңдап тынбас әнін,  
Сарылып түнмен, таңмен сырласамын.  
Кетеді асықтырып таң да, түн де,  
«Дүниеде жүрсін бе, — деп, — мың жасармын?».

Қайтейін, төзем тағы мен дертіме,  
Тимесін аққуымның жел бетіне.  
Дауысын жүрегімнің бір есітер,  
Әндетіп жүрсе болды жер бетінде.

1957

## МАХАББАТ ЕРЛІГІ

Келеді әйел. Жоқ оның бір аяғы,  
Қысқы тоңға балдақ жиі таяды.  
Құлатпайды қолтықтаған күшті қол,  
Ол қол өзін күзетшіге саяды.

Келеді еркек. Су қараңғы жанары,  
Жығылады-ау, көп тосқауыл бар әрі!  
Жоқ, өтеді сүрінбей де адаспай —  
Өзге екі көз оны бастап барады.

Күллі Алматы біледі бұл екеуін,  
Ерлі-зайып музыканттар екенін.  
Жас еді олар, сұлу еді бір кезде,  
Жармасқанда екеуіне екі өлім.

Екі өлім мен екі өмір белдесті,  
Келер күндер жеңді «барса келместі».  
Ажал қашты бір аяқ, қос көзді алып,  
Жеңгендерге жаңа көктем лебі есті...

Келе жатыр күле қарап, нық басып,  
Екі бірдей үлкен өмір жұптасып.  
Махаббаттың қанатымен, көзімен  
Тосқауылдың талайынан шықты асып!

1957

## СЕН БАЛА БОЛ ЕНДІ, АНА

Қайда қалдың балғын шақ, қайда қалдың?  
Домалатты жылдарды қайдағы ағын?  
О, ғажап-ау, кешегі қара бала —  
Біреуге аға, біреуге қайнағамын.

Еншімізге тигенше ес дегенің,  
Сенің маған жоқ еді кешпегенің.  
Сол көңілмен мүлт бассам енді кейде,  
«Бала емессің, — дейді жұрт, — не істегенің?»

Онысы рас, қалайша таласа алам —  
Өзімнің де бір қора бала-шағам.  
Қош, балғын шақ! Құп мейлі, көндім, уақыт.  
Көне ме тек мен деген ана соған?

Бір бөбегін екіге бөле ала ма,  
Бала аты — қайда да бала анаға.  
«Қырма сақал қу ғой» деп қыз айтар шақ —  
Оған тәй-тәй басқандай жаңа ғана.

Бұрынғыша мен де оған сыр ақтарам,  
Кінәм болса, кезі жоқ, сірә, ақтаған.  
«Баласың ғой» дейтін сол сонда да тек,  
Бәрі соның салдары сияқты оған.

Мендік өлі ұзақ күн, ала таны,  
Таяныш па өлде оған бала қамы?  
Төніп келген әжімнен қорғағандай,  
Мандайымнан кетпейді алақаны.

Қайда бірақ, анажан, шапалағың?  
Сүюі ғой о да бір ата-ананың.  
Көп болды ғой оны арқам сезбегелі,  
Қалай бала онысыз аталамын?

Жоқ, жоқ, енді, анажан, айналайын,  
Сен бала бол, мен сені аялайын.  
Ана деген атыңды елге берген  
Сенен немді аяйын, аянайын!

1958

### СОЛАЙ БОЛМАҚ

Қайран Мұхаң  
Көркем сөздің пірі еді,  
Абайымыз екеу болса,  
Бірі еді.  
Тілі барда халықтардың,  
Қазақтың,  
Тірілермен  
Тірілерше жүреді.

1961

## ТАЙПАҚ ДЕГЕН ЖЕР БАР

Түстік жол ғана Оралдан  
Тайпақкөл деген жер де бар.  
Белбеу боп Жайық оралған  
Ол жерде сел де, жел де бар.

Еркек шөл, еркек гүл де бар,  
Атайды солай, қызық-ай!  
Ер болсаң, озып жүлде ал,  
Қылыққа, назға қызы бай.

Зор қимыл, ірі мінезге  
Замандай жомарт адамы-ай!  
Шарықтап кеткен ілезде  
Дарынды дарқан далам-ай.

Күлкісін көрсең, балқисың,  
Қаһарын көрсең, ығасың.  
Ән-жырға басса, шалқисың,  
Жанын да содан ұғасың.

Тайпағым, туған Тайпағым,  
Жерлестер қандай дыр еді.  
Дырдуға бар-ау сайтаның —  
Алқабың нендей жыр еді!

Тайпағым менің, Тайпағым!  
Көліңнің кештім жайпағын,  
Жеріңнің кездім байтағын,  
Еліңнің көрдім май таңын.

Жаңа өзен, көрі Шеген бар,  
Жайықты және шайқадым.  
«Сүйгенің сұлу» деген бар,  
Сұлусың сен де — байқадым.

Саған мен дәйім баламын,  
Анам деп сені айтамын.  
Жаяулан қалса қаламын,  
Жыр мініп сенен қайтамын.

1962